



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 27-28 қыркүйек, 2016 жыл



«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 27-28 қыркүйек, 2016 жыл

М.ӘУЕЗОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Оқушылардың танымдық қабілеттерінің оянуына ықпал етіп ізденісін, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асып, соның нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалану, білуі болып табылады. Мұндай іс-әрекет күрделі үрдіс болғандықтан, мұғалім мен оқушының бірлесіп жасайтын тиімді, сапалы әрекетін керек етеді. Оқу, оқыту барысындағы белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының құштарлығының ерекше көрінісі ретінде бағалауға болады.

Әдебиет – адам баласымен бірге жасап, оларға рухани күш-дем беріп, бірге дамып, өсіп келе жатқан өнердің бір түрі. Әдебиет пәнінің өмірді тануға және сүйуге, білім мен ой-өрісті кеңейтуге, мінез-құлықты тәрбиелеп, қиялды ұштауға, әсемдік әлеміне терең бойлауға зор мүмкіндік беретінін, ұрпақ тәрбиелеуде алатын орнын ештенемен алмастыра алмайтынымызды анық білеміз. Осынау ұлы құндылықтардың қай заманда болмасын адамның рухани тұрғыда қалыптасуына қызмет етіп келе жатқаны анық. Орта және жоғары мектептегі шәкірттің әдеби-теориялық ұғымдар арқылы көркемдік талғамын, эстетикалық танымын тәрбиелеп, көркем әдебиетті жан-жақты тани алуына меңгертіп қана қоймай, оған қоса сөз өнері иелерінің әдебиеттің тарихындағы алар орнын, қосқан үлесін саралап, стандартты оқу бағдарламаларында, жоспарында, типтік оқу бағдарламаларында тиісінше қамтылуына, толықтырылуына, жаңартылуына және оқытылу деңгейі мен мүмкіндігіне зер салып, заман талабына орай қайта қарастырып, сұрыптап, тәуелсіздік тұрғысынан бағамдаудың қажеттілігі туғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Төл әдебиетіміздің арғы-бергі тарихын жетік біліп, жан-жақты терең меңгертіп-сусындату бүгінгі шәкірт үшін де, өскелең ұрпақ үшін де орны жетпес қазына. Жаһандану дәуіріне аяқ басқан уақытта қоғамдық өмірімізде болып жатқан саналуан өзгеріс-жаңалықтарды ескере отырып, әдебиетті, әдеби-теориялық ұғымдарды, жекелеген қаламгерлер шығармашылығын, тарихын жаңаша тұрғыдан пайымдап, оқытуды жаңаша технологиялардың негізінде жүзеге асырудың да тетіктерін игеру қажет. Қоғам туындатып отырған қажеттілік пен сұранысты ескере отырып, тәуелсіз елдің ертеңгі ұрпағын тәрбиелеу мен оқытуда жаңашыл-инновациялық технологияның әлеуетін терең қамтып жазылатын жаңа буын оқулықтарының ұстанатын нақты бағытына, сапасына көп мән беру керек. Яғни, әдебиеттің тарихын, көрнекті қаламгерлер шығармашылығын заман талап етіп отырған күзиреттілік тұрғысынан оқыту, ізденіске негізделген инновациялық технологияларды пәнді оқытуға бейімдеу, әлемдік білім беру кеңістігіне ену кезеңіндегі әдебиет тарихын оқытудың жаңа мүмкіндіктерін саралап, ұлттық ерекшеліктерімізді ескеру т.б.

Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Осы орайда оқытудың тиімді жолдарын қарастыру қажет екені белгілі. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар да жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үдерісі. Бұл мәселені іске асырудың негізгі құралы заманауи техникалық құрылғылар болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет. Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталсақ.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Жекелеген қаламгерлер шығармашылығын оқытуда ақпараттық технологиялардың алар орны зор. Оқушыларды әуелі слайд көрсету арқылы ақын-жазушының өмір жолымен таныстырып, шығармаларының жазылу, басылу тарихына, шығармашылық лабораториясына тоқталып, шығарма мазмұнын талдап, оқушыларға компьютер немесе ноутбук арқылы шығармадан үзінді тыңдату оқушының жүрегінде әсер қалдыруы сөзсіз. Осындай жұмыс түрлері оқушылардың пәнге

деген қызығушылығын арттырып, қазақ әдебиетіне деген сүйіспеншілігін оятады.

Жоғары сыныптарда көлемді дүниелерді, поэма, повесть, романдарды оқыту тіпті де үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан тез жалығып, компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, оның бірінші сабағында мұғалім қысқаша роман кейіпкерлерімен, мазмұнымен слайд арқылы таныстырады. Келесі сабақта осы роман сюжеті бойынша түсірілген кинофильм болса, соны көрсету. Ал үшінші сабақта алған білімді бекіту мақсатында электрондық оқулық бойынша, немесе мұғалімнің өзінің құрастыруы бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізу, оқушылармен пікірталас жүргізуге болады. Үй тапсырмасы ретінде бір шығармашылық топ құрып, соларға осы роман немесе әңгімеден үзіндіні бейнетаспаға түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол бейнематериалды сыныпқа көрсету. Міне, осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технология келесі жұмыс түрінде де қолданысын табады. Бұл оқушылардың шығармашылығын талап ететін жоба жұмысы. Бұл жұмыс түрін жүргізгенде оқушылар техникалық құралдарды қолдану арқылы жобасын дайындайды. Мәселен, сабақта балалар Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығымен танысады.



Сабақтың тақырыбы: М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы

Сабақтың мақсаты: Жазушының өмір жолын, шығармашылық ғұмырнамасын оқыту, таныстыру. Қаламгер туындылары туралы көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуға дағдыландыру. Ұлтжандылыққа, елін сүйуге тәрбиелеу.

Әдісі: Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы.

«Білемін. Білгім келеді. Білдім» стратегиясы бойынша бірінші, екінші бөлімін толтырады.

Білемін	Білгім келеді	Білдім

Слайд арқылы интерактивті тақтадан жазушының өскен ортасы, білім алған жері, іздену, осу жолына шолу жасалады. Мысалы:

1. Әкесі Омархан, атасы Әуез – бала тәрбиесіне салғырт қарамайтын, сауатты, сарабал адамдар болған.

2. 11 жасында әкесі қайтыс болады да, Мұхтар Семейдегі немере ағасы Қасымбектің тәрбиесіне көшеді. 5 жылдық орыс гимназиясына түседі.

3. 1914 жылы мұғалімдер даярлайтын семинарияға түседі.
4. 1922 жылы Ташкент мемлекеттік университетіне оқуға түседі.
5. Содан соң Ленинградқа ауысып, 1928 жылы сондағы университеттің филология факультетін бітіреді.

6. 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетінің аспирантурасын бітіріп шығады.

Әуезовтің өте талантты болуы да осы мол білімінің нәтижесі екенінде сөз жоқ. Мұхтар Әуезов әдеби-шығармашылық еңбекпен ерте айналысқан. Оған әрине, тума қабілеті, өмірлік тәжірибесі, мол білімі әсер еткен.

М. Әуезовтің шығармалары: (интерактивті тақтадан слайд арқылы)

1. «Абай жолы» роман-эпопеясы
2. «Қилы заман» шығармасы
3. «Көксерек» әңгімесі
4. «Жетім» әңгімесі
5. «Қыр суреттері» әңгімесі
6. «Қараш-қараш оқиғасы» повесі
7. «Қорғансыздың күні» әңгімесі

Енді осы тақырыпта терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл сыныпты таныстыру мақсатында шығармашылық топ құрылады. Топ құрылған соң, олар Мұхтар Әуезов туралы мағлұмат жинауға кіріседі. Оқушылар мұражай қызметкерлерімен, белгілі әдебиетші, тарихшы мамандармен пікірлесіп, тақырыпқа байланысты толық бейнематериал жинақтайды. Жиналған мағлұматтарды компьютер арқылы өңдеп, қысқаша деректі фильм жасап, сынып назарына ұсынылады. Осындай өзгеше жұмыс түрлерін өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың осы пәнге деген қызығушылығын оятуға, дарынды тұлғаны қалыптастыруға әбден болады.

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы мұғалімдердің де, оқушылардың да мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз. Интерактивті тақтамен жұмыс барысында қолданылатын сызбаларда оқушының таным көкжиегін қалыптастыруға септігі зор. Қаламгер туындыларының көркемдік әлемін, авторлық ұстаным мен идеялық ерекшелігін түрлі сызба, инфографика арқылы түсіндіруге болады. Оқушы бұл сызбаны байланыстырып оқу арқылы мәтіннің мазмұны мен идеясын ашу деңгейіне жете алады.

Сондай-ақ, оқушылар интерактивті тақтада берілген диаграмманы толтырып, шығармадағы кейіпкерлерге сипаттама береді. Мәтінді жалғастыру, диалогтерді табу, мәтіннен келтірілген үзінді арқылы шығарманы тану т.с.с. ойын-әдістерді интерактивті түрде өткізу оқушылардың көркем туындыны есте сақтап қалу қабілетін күшейтеді. Мысал ретінде мынадай тапсырма-сөйлемдерді алуға болады.

1-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың диалогтарын табыңыз.

1. – Сен бұлбұл едің! Азат аспанда көк бұтаққа қонып, бұлбұл үніңді әлемге жарласаң еді. Жаның сырып тыңдаушыны әніңменен ұйытып өтетін туысың бар еді. Мен сол бұлбұлды ұстап ап, әдемі торға бөлеген аушыдай болдым ғой. Қапас бұлбұлы сен болыпсың....

2. – Сенсің, өзің болмасаң атаң Өскембай, Құнанбай, Мырзатайлар! Бұлар баяғыдан суыңмен кіріп, күліңмен шыққандар. Сенің тұқымыңның есігінде, ата –анасымен малайлық, құлдықта күн кешкендер. Күшін алып, түсін алып, бүгінде қартайғанда керексіз деп қағып –қуып тастаған күн қақтыларың! Жарлылық, жарымжандығынан басқа түк жазығы жоқ. Жылаулар ағайын осылар!

3. – ...Ей, сорлы заман, менен аяған қай қыстағың қалды. ...Мен ішпеген у бар ма!.. Жүрегім көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?!

4. – Аузыңда Алла, шеңгеліңде қан! Тағы қан...Бұларды шарифат та қосады. Бір кезек, сол шарифат жолы деп, бір нахақ қан төгіп ең... Енді шарифатқа қарысы тағы да өлім жұмсадың ба? Үнсіз сопысып жатқаның құлшылық емес, сұмдық үшін, осындай сұмдық жыртқыштық үшін бе еді? – деп қайнап тұр.

5. – Бәсе, мынандай жыр шығарған Мұхамеджан –ау, сен болсаң сенімен не деп тайталасар едім? Жолды беріп енді өлеңді жалғыз сен айт, мен қойдым дегеннен басқа не қалар еді? Туу, бағымды алып қоя жаздағандай боп шұқшып ең, рахмет саған, шын рахмет, Мұхамеджан.

2-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің табиғат құбылыстарын суреттеген әңгімелерін табыңыз.

1. Қарадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған, тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді.

2. Суық, қыстың орта кезі. Күн түске тақап қалған. Аспанда бұлт жоқ, ашық. Жарығы көз тайдыратын нұрлы күн бүгін жазғы түріне түскендей болып, өзгеше жарқырап тұрса да, ызғарлы қар, суық ауа қызуын жоғалтып, жарығына жансыздықтың табын басып тұрғандай. Жер қарлы.

Үш-төрт күннен бері қарай айықпаған шыңылтыр аяз бүгін де мықырлап білініп тұр. Күншығыстан соққан баяу жел суықтың көрігіндей болып, ызғарды көбейте түсті. Кейде сүйкеп өткен салқыны бетті шымырлатып, денені тоңазытады.

3. Январь айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша, жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана ала-шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ.

4. Дала боран, жел ысқырады, ұлиды. Сақылдап күлгендей болады, сарнап жылағандай болады. Қараңғылық түнеріп, тұлданған күннің ызғарымен әлемді құшағына алып тұншықтырып бара жатқан секілді!

5. Жазғы күннің ыстығы қайтып, кеш батуға тақалған. Даланың кешкі салқын желі ауыл отырған өзекте аз-аздап білініп келеді. Күн сары белден асып, ұясына кіруге айналған. Таудың кешкі көлеңкесі ауыл үстіне түсіп, мүйнет сайын қоюланып келеді. Қоңырқай-сұрғылт түсі тұтасып, жер бетіне тарап барады. Қоңыр-салқын майда жел жұмсақ демалысымен жан иесін түгел сергіткендей.

Қорыта айтқанда, мұғалім жаңа ақпараттық технологияларды қазақ әдебиеті сабағында қолдану арқылы өзінің кәсіби іс-әрекетін шыңдап, әр сабағында жаңашылдыққа ұмтылып, ізденіп отырса, еркін ойлайтын, тіл байлығы мол, жан-жақты ізденгіш, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастыруға, білімді, дарынды азаматтарды тәрбиелеуге қол жеткізе алады. Сонда ғана шәкірт жүрегіне жол тауып, «оқысам, білсем» деген жанның үміт шоғын маздатып, мерейін тасытып, «сабақ беру – жаңадан жаңаны табатын өнер» (Ж.Аймауытұлы) екенін бар көңілімен түйсініп, оқушының таланты мен дара қабілетін байқап, бағыт беріп, жөн сілтеуге мүмкіндік мол болмақ.

Әдебиеттер:

1. С.Т. Мұхамбетжанова., Ж.Ә. Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмысжасаудың әдіс-тәсілдері. -Алматы, 2008 ж.
2. Т. Жұмажанова., С. Дүйсебаев., Ә. Мамырова., З. Көпбаева. «Қазақ әдебиетінің» әдістемесі. – Алматы «Білім», 2003ж.
3. Қ.Бітібаева. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы, 2003 ж.

МАЗМҰНЫ

I-СЕКЦИЯ. М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Әбдимаңұлы Ө. М. Әуезов және қазақ әдебиеті оқулықтары.....	3
Жақып Б. Мұхтар Әуезов көсемсөзіндегі ұлт мәселелері	5
Мәдібай Қ. Ортаймас қазына	10
Ісімақова А. М.О.Әуезов прозасы: концепт және дискурс.....	16
Жеменей И. Мұхтар және дәуір	19
Орозобекова Ж. Прикосновение к истокам	22
Бисенғали З-Ғ. М.Әуезов және 1916 жыл.....	24
Танжарықова А. М.О.Әуезов шығармаларындағы этно-фольклорлық сарындар.....	35
Бұлдыбай А. «Манас» жырын зерттеудегі М. Әуезовтың тарихи-теориялық ұстанымдарын оқыту	37
Көпбаева М. Ұлы мұрат жолындағы суреткер үндестігі	48
Қазбек Г. Аударматанушы М.Әуезов	50
Әбдіқұлова Р. М. Әуезов шешендік сөздер хақында	53
Қалқабаева С. Дара тұлға жайындағы толғаулар	54
Тоқшылықова Г. Кобо Абэнің «Бөтен бет», «Құм құрсауындағы әйел» романдарындағы интертекстуалдылық элементтер, олардың байланысы мен қызметі	57
Салықбаева Ә., Бертаева К. Мұхтар Әуезов – ұлтымыздың ұлы мақтанышы	61

II-СЕКЦИЯ. М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Темирболат А. Проблемно-ориентированный подход в преподавании литературоведческих дисциплин.....	64
Болатова Г. Проблемы обучения студентов анализу поэтики художественного текста	67
Сейітжанов З., Оспанова А. Ақтан мен Ақбала айтысын оқыту	71
Абдулина А. Методика преподавания фольклора в полиязычной группе	73
Мұсалы Л. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы символ-бернелер және оқыту мәселесі.....	75
Дәрібайұлы С., Керімбекова Б. Қазақ әдебиеті сабағындағы шығармашылық жаттығулардың маңызы.....	77
Солтанаева Е. Қ.Ысқақов шығармалары негізінде көркем пейзаж функцияларын оқыту	80
Асқарова А. Технология және әдебиет сабағын оқыту әдіс-тәсілдері	82
Шортанбаев Ш., Салықбаева Ә. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың ерекшеліктері	85
Күркебаев К., Карбозов Е. Тілді оқытудағы қатысымдық тәсілдердің әлеуеті.....	89
Аширова А., Абдрахманова Ж. Студенттердің іскерлік қарым-қатынас тілін модульдік технология арқылы оқытудың лингвистикалық негіздері	92
Елюбаева Г. Мұхтар Әуезов шығармаларын оқыту тәжірибемнен.....	93
Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу Құралы: қазақша алифба», «Әліб-бій: жаңа құрал» атты оқулықтарының зерттелуі мен зерделенуі	94
Жапарқұлова К. Қадыр ақын өлеңдеріндегі адамгершілік мәселесі	100
Танжарықова А. Бейбіт Сарыбайдың «Біздің заманның Шығайбайлары» атты әңгімесіндегі сараңдық мәселесі.....	103
Асқарова Г. Ғ.Мүсірепов туындыларындағы аналар бейнесін сыни тұрғыдан оқыту	106
Базарбайқызы Г. Заман шындығын бейнелеген туындылардағы шолақ белсенділер образы.....	108

III-СЕКЦИЯ ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Дәлелбекқызы А. Қ.Жұмаділовтің "Дарабоз" роман-дилогиясындағы ұлттық салт-дәстүрлердің көркемдік жүйесі.....	114
Базарбаева М. Билингв-жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі	117
Мұхтар Л. Концепт детства в мировой гуманитарной науке	120
Ержанов А. Қалқаман сарин шығармашылығындағы діни тәрбие	124
Мұратәлиева Д. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» және Р. Мұқанованың «Аида» әңгімесіндегі психологизм мәселесі.....	128
Ділдебаева Ж.Ш. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» оқулығының зерттелуі.....	131
Рапашева Е. Мұхтар Әуезов шығармаларындағы күнә, кінә жазық концептілері	133
Сенгирбай Г. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ақындар шығармашылығына тигізген ықпалы	137
Сағдатхан Ж. «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы жайлы сүбелі ойлар	140
Нүсіпәліқызы А. Ұ.Есдәулеттің саяси лирикалары	142
Тәнірбергенова А. Б.Нұржесектің жазушылық шеберханасы және «Бір өкініш, бір үміт» романы	147